

NASEC

НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
КҮРІШ АРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ
ЖӘТКІЗУ ИНСТИТУТЫ



ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАУЫ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ


ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Қызылорда облысында ет өндіру технологиялары»

«Мал шаруашылығы» бағыты бойынша

Өткізу күні: «04» желтоқсан 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда қаласы, Майбұлақ көшесі, 3
«Ақ Барыс» ЖК,

Кәсіптік кеңес беруші, мал дәрігерлік
ғылымдарының кандидаты _____  С.А.Кенжебаев

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ ЖШС

Басқарма Төрағасы



_____  Тәуіпбаев С.Т.

1) Кеңес беруді қажет ететін проблема немесе проблемалар шоғыры
Қызылорда облысы жағдайында ет өндіру технологияларын жетілдіру – өңірдің табиғи-климаттық күрделілігіне, жайылымдардың шөл және шөлейт аймақтарда орналасуына, сондай-ақ малды экстенсивті әдіспен өсірудің басым болуына байланысты маңызды мәселе болып табылады. Мәселенің негізгі аспектілері:

- бордақылау технологияларының біркелкі болмауы;
- малды жем-шөппен қамтамасыз ету деңгейінің маусымдық құбылмалылығы;
- әр түліктің жасына, салмағына және қондылығына қарай тиімді рацион құрастыру қажеттілігі;
- сойыс шығымының төмен болуы;
- мал өнімінің сапасын арттыру үшін өндіріс циклі мен технологиялық карталарды стандарттау қажеттігі.

Осы проблемаларды ғылыми негізделген тәсілдермен шешу үшін арнайы кәсіптік кеңес қажет.

2) Көрсетілген мәселені немесе проблемалар шоғырын шешу бойынша сарапшы ұсынымдары

Ет өндіруді арттыру және тиімді бордақылау жүйесін енгізу үшін төмендегі ұсыныстар беріледі:

Тиімді бордақылау жүйесін ұйымдастыру

- Малдың жасына, тірілей салмағына, бастапқы қондылығына және түлік түріне қарай арнайы бордақылау алаңдарына 30–45 бастан топтау.
- Қарқынды бордақылау мерзімін орташа 120–140 тәулік деңгейінде сақтау.

Ғылыми негізделген азықтандыру

- Әрбір түлікке арналған қоректік өлшемдер бойынша рацион құрастыру (мысалы, бұқашықтар үшін 9,7–10,3 а.ө.).
- Суармалы аймақтарда күріш қалдығы, бидай, арпа, сұлы, жоңышқа, мақсары сияқты азықтық дақылдарды толық көлемде дайындап, өз жем-шөп базасын қалыптастыру.

Өнімділік көрсеткіштерін арттыру тетіктері

- Қарқынды бордақылауға қойылған бұқашықтардағы орташа тәуліктік салмақ қосу мөлшерін 700–850 г деңгейінде қамтамасыз ету.
- Сойыс шығымын 53–55% деңгейіне дейін тұрақты көтеру.
- Жайылымдық-бордақылау циклының тиімділігін арттыру (жайылымда 100–120 тәулік, бордақылауда 130 тәулік).

Экономикалық тиімділікті арттыру

- Малдың табиғи жайылымдарда бастапқы қондылығын қалыптастыру, кейін бордақылау кезінде рационды байыту.
- Контракция арқылы басқа облыстардан жас мал сатып алу өндірістің жыл бойы үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз етеді.
- Өндірістік циклді цехтық жүйемен автоматтандыру, шығындарды нақты есептеу, амортизация, жанар-жағармай, еңбек ақы, жем-шөп, электр энергиясы және басқа да шығындарды оңтайландыру.

3) Сарапшы ұсынымдарын енгізу нәтижесінде күтілетін әсер (сандық көрсеткіштермен)

Ұсыныстар дұрыс қолданылған жағдайда төмендегідей нақты нәтижелер күтіледі:

Өнімділіктің артуы

- 1,5–2 жастағы жас малдың тірілей салмағы 0,72–1,1 есеге артады.
- Ересек малдың салмағы 25–30%-ға өседі.
- Қоңдылық категориясы 1,8–2,1 есеге жақсарады.
- Сойыс ет шығымы 53–55% деңгейіне тұрақты жеткізіледі.

Өнім сапасының жақсаруы

- Өндірілген еттің 80%-ы жоғары сортқа сәйкес келеді.
- Еттің кулинарлық және диеталық құндылығы жоғарылайды.

Экономикалық тиімділік

• Бордақылаудың толық циклы 210–220 күнде ет өнімін алуға мүмкіндік береді.

• Жем-шөп шығынын оңтайландыру нәтижесінде өзіндік құн төмендейді.

• Контракция және жыл бойы жұмыс істейтін бордақылау алаңы шаруашылық табысын тұрақты деңгейде сақтайды.

• 32 қызметкер тұрақты жұмыспен қамтылады, орташа жалақысы 250–300 мың теңге, бұл әлеуметтік тиімділікке де ықпал етеді.

4) Фотосуреттер

